

Семиклотин

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
«Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2022 ж. «29» желтоқсан
№ N059310, № N059309 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (ҚОСЫМША ПАРАҚ)

Саудалық атауы

Семиклотин

Халықаралық патенттелмеген атауы

Эптаког альфа (белсендірілген)

Дәрілік түрі, дозалануы

Вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат 1.2 мг, 2.4 мг, еріткішімен (инъекцияға арналған су) жиынтықта

Фармакотерапиялық тобы

Қан және қан түзу ағзалары. Геморрагияға қарсы препараттар. К дәрумені және гемостатиктер. Қанның үю факторлары. Эптаког альфа (белсендірілген) АТХ коды B02BD08

Қолданылуы

Семиклотин пациенттердің келесі топтарында хирургиялық араласымдарды және инвазиялық емшараларды жүргізгенде қан кетуді тоқтату және оған жол бермеу үшін пайдаланылады:

- VIII немесе IX факторлары > 5 ББ (Бетезда бірлігі) тежегіштері тиірімен тұқым қуалайтын гемофилиясы бар;
- анамнезі негізінде VIII факторын немесе IX факторын енгізуге күтілетін иммундық реакциясымен тұқым қуалайтын гемофилиясы бар
- жүре пайда болған гемофилиясы бар
- туа біткен VII факторы тапшылығы бар
- Пв-Ша гликопротеиндерге антиденелері және тромбоцитарлы массалардың трансфузияларына (қазір немесе бұрын) рефрактерлігі болатын Гланцман тромбастениясы бар пациенттер тобында.

Семиклотин

Қолданудың басталуына дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың әсер етуші затына немесе қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;
- анамнезде жануар текті (тышқандар, атжалмандар, мүйізді ірі қара) ақуыздарына аллергиялық реакциялар.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Семиклоттин препараты мен қан ұю факторларының концентраттары арасындағы өзара әрекеттесу қаупі туралы деректер жоқ.

Протромбинді кешен концентраттарын (белсендірілген немесе белсендірілмеген) және Семиклотинді бір мезгілде енгізбеген жөн. Антифибринолитиктер гемофилиясы бар пациенттерде, әсіресе ортопедиялық операцияларда және фибринолиздік белсенділігі жоғары болатын тіндерге, мысалы ауыз қуысына операцияларда интраоперациялық қан жоғалтуды төмендетеді. Антифибринолитиктер мен қан ұюының rFVIIa факторын біріктіріп қолдану тәжірибесі шектеулі.

Клиникаға дейінгі зерттеу нәтижелері негізінде rFVIIa және rFXIII қан ұю факторларының препараттарымен біріктірілген терапия ұсынылмайды. rFVIIa және rFXIII қан ұю факторларының өзара әрекеттесуі жөнінде клиникалық деректер жоқ.

Арнайы ескертулер

Тіндік фактордың босап шығуының жоғарылауымен қатар жүретін патологиялық жағдайларда Семиклотин препаратын қолдану тромбоздық асқынулар немесе диссеминацияланған қантамыршілік ұю (ДҚҰ) синдромы дамуының әлеуетті қаупімен байланысты болуы мүмкін.

Мұндай жағдайларға ауыр атеросклероз, мылжаланған жаралар, септицемия немесе ДҚҰ-синдром жатады. Тромбоз асқынуларының жоғары даму қаупі немесе диссеминацияланған тамыршілік ұю синдромы (ДТҰ-синдром) бар пациенттерге, анамнезінде ишемиялық жүрек ауруы және бауыр аурулары болған пациенттерге, сондай-ақ операциядан кейінгі кезеңдегі пациенттерге және жаңа туған нәрестелерге Семиклотин препаратын енгізген кезде ұсынылған дозалық режимді қатаң сақтау қажет. Әрбір жағдайда аталған жағдайлары бар пациенттерді емдеу үшін препаратты қолданудың әлеуетті пайдасы оларда сипатталған асқынулардың даму қаупіне қатынасы бойынша мұқият таразылануы тиіс. Мұндай пациенттер мұқият бақылауды керек етеді.

Рекомбинантты VIIa қан ұю факторы - Семиклотин препаратының құрамында тышқан IgG, бұқа IgG іздік мөлшерлері мен өсіріндінің басқа да қалдық ақуыздары (аламанның және ірі қара малдың сарысулық ақуыздары) болуы мүмкін екендіктен, аталған препаратты алатын науқастарда осы ақуызға жоғары сезімталдықтың өте аз даму мүмкіндігі бар. Ондай жағдайларда вена ішіне

антигистаминді препараттар қолдану қажеттігін қарастыру керек.

Аллергиялық немесе анафилаксиялық реакциялар басталған кезде препаратты енгізуді дереу тоқтату керек. Анафилаксиялық шок дамыған жағдайда оны симптомдарын басу үшін стандартты ем қолданылады. Пациенттерге аллергиялық реакциялардың дамуының ерте симптомдары жөнінде алдын ала ескерту қажет. Олар көрсетілген симптомдар дамыған кезде осы препаратпен емделуді дереу тоқтату және өзінің емдеуші дәрігеріне қаралу керектігін білуі тиіс.

Ауыр қан кетулерде препаратты гемофилияны қан ұюының VIII немесе IX факторларын тежегіштермен емдеуге мамандандырылған ауруханаларда, егер бұл мүмкін болмаса, гемофилияны емдеуде маманданған дәрігермен тығыз ынтымақтаса отырып, қолданған жөн.

Егер пациентте қан кетуді басу мүмкін болмаса, оны міндетті түрде ауруханаға жатқызу керек. Пациенттер немесе оның күтімін жүзеге асыратын адамдар Семиклотин препаратын үй жағдайында қолданудың әрбір жағдайы жөнінде, алдымен мүмкін болғанынша, емдеуші дәрігерге немесе ауруханаға мәлімдеп отыруы тиіс.

Қан ұюының VII факторы тапшы болатын пациенттерде Семиклотин препаратын енгізуге дейін және енгізуден кейін протромбин уақытын және қан ұюының VII факторының белсенділігін бақылаған жөн. Егер, препаратты ұсынылған дозаларда қолдануға қарамастан, қан ұюының VIIa факторының белсенділігі күтілген деңгейге жетпесе немесе қан кету жалғасса, тежегіш антиденелердің түзілгені деп болжам жасауға болады. Мұндай жағдайда жүргізілген емнің тиімді болмауына ықтимал себеп ретінде антиденелердің бар-жоқтығына және титрді анықтауға талдау жүргізу керек.

Қан ұюының VII факторы тапшы пациенттерде хирургиялық араласым барысында альфа эптакогті (белсендірілген) қолданғанда тромбоз жағдайлары жөнінде мәлімделді, бірақ қан ұюының VII факторы тапшы пациенттерде эптаког альфамен (белсендірілген) емдеу аясында тромбоз қаупі жөнінде деректер болған жоқ. Қатар жүретін аурулардан болған веноздық тромбоз қаупі, анамнезде тромбозы бар, операциядан кейінгі кезеңде иммобилизацияланған немесе венасы катетеризацияланған пациенттер мұқият бақылауды керек етеді.

Натрий мөлшері

Препараттың әр құтысында 1 ммольдан кем натрий (23 мг) бар, препарат құрамында натрий жоқ болып санылады.

Қадағалануы

Биологиялық дәрілік препараттардың қадағалануын жақсарту үшін, пациенттің медициналық құжаттамасында енгізілген препараттың атауы мен серия нөмірін көрсетіп қою қажет.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Мақұлданған көрсетілімдер аясында жүктілік кезінде эптаког альфаны (бел-

Семиклотин

сендірілген) қолдану жөнінде қолда бар шектеулі деректер мұның жүктілік барысына және шарананың/жаңа туған нәрестенің денсаулығына ықпалының жоқтығын айғақтайды. Семиклотин препаратын қолдануды жүкті әйелдерде қатаң көрсетілімдермен шектеген жөн.

Эптаког альфа (белсендірілген) әйелдердің емшек сүтіне бөлініп шығатыны-шықпайтыны белгісіз. Семиклотин препаратын бала емізетін әйелдерге тағайындағанда сақтық танытқан жөн. Емшек емізуді жалғастыру/тоқтату жөніндегі немесе Семиклотин препаратымен емдеуді жалғастыру/тоқтату жөніндегі шешімді нәресте үшін емшек емудің пайдасы мен әйел үшін препаратпен емдеудің пайдасы немесе қауіпінің арақатынасына қарай қабылдау керек.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдермен басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне осы дәрілік заттың ықпал ету ерекшеліктері белгісіз.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Емдеуді гемофилияны және/немесе қан ұюдың бұзылуын емдеу тәжірибесі бар дәрігердің бақылауымен бастаған жөн.

Дозалау режимі

А немесе В гемофилиясы тежегіштермен немесе VIII факторын немесе IX факторын енгізуге күтілетін иммундық реакциялармен

Препаратты енгізуді мүмкіндігінше қан кетулер басталғаннан кейін тезірек бастаған Вена ішіне сорғалатып енгізуге ұсынылатын бастапқы доза пациенттің кг дене салмағына 90 мкг құрайды. Бастапқы дозаны енгізгеннен кейін инъекцияны қайталау іске асырылуы мүмкін. Емдеу ұзақтығы және инъекциялар арасындағы аралық қан кетудің ауырлығымен немесе инвазиялық емшаралардың, немесе хирургиялық араласымдардың сипатымен анықталады.

Балалар

Қазіргі уақытта жинақталған клиникалық тәжірибе, балалардағы клиренстің жоғары екені белгілі болса да, балалар мен ересектер үшін дифференциацияланған дозалау режимін ұсынуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан педиатриялық тәжірибеде ересек пациенттер плазмасындағы концентрацияға ұқсас плазмадағы препарат концентрациясына жету үшін қан ұюының факторының rFVIIa жоғарырақ дозаларын пайдалану қажеттілігі туындауы мүмкін.

Препаратты енгізу жиілігі

Гемостазға жеткенше әрбір 2-3 сағат сайын.

Егер қан тоқтағаннан кейін емдеуді жалғастыру үшін көрсетілімдер бар болса, онда препаратты енгізу арасындағы аралықтар, көрсетілімдерге сәйкес, емдеудің бүкіл кезеңінде біртіндеп 4, 6, 8 немесе 12 сағатқа дейін арттырылуы мүмкін.

Ауырлығы жеңіл және орташа дәрежедегі қан кетулер (амбулаторлық емді қоса)

Препаратты ертерек енгізу өте тиімді. Келесі дозалық режим ұсынылады:

- әр үш сағат сайын кг дене салмағына 90 мкг дозадағы бір инъекциядан үш инъекциясына дейін. Әсерін демеу үшін дене салмағының әр кг шаққанда 90 кг есебінен Семиклотин препаратының бір қосымша дозасы тағайындалуы мүмкін.
- дене салмағының әр кг шаққанда 270 мкг есебінен бір реттік инъекция.

Амбулаторлық емдеу ұзақтығы 24 сағаттан аспауы тиіс.

Дене салмағының бір кг-на 270 мкг бір реттік дозасындағы препаратты егде пациенттерде қолданудың клиникалық тәжірибесі жоқ.

Ауыр дәрежедегі қан кетулер

Препараттың ұсынылған бастапқы дозасы дене салмағының әр кг шаққанда 90 мкг құрайды және осы пациентті емделетін клиникаға жеткізу кезеңінде енгізілуі мүмкін. Әрі қарай емдеу сызбасы қан кетулер типіне және ауырлығына байланысты. Емдеудің басында препарат клиникалық жақсару басталғанға дейін әрбір екі сағат сайын енгізіледі. Емдеуді жалғастыруға көрсетілімдер бар болған жағдайда препаратты енгізу арасындағы аралықтар 1-2 тәулік ішінде 3 сағатқа дейін арттырылуы мүмкін. Кейіннен, препаратты енгізу арасындағы аралықтарды емдеудің бүкіл кезеңі бойы, көрсетілімдеріне сәйкес, 4, 6, 8 немесе 12 сағатқа дейін арттыруға болады. Ауыр қан кетулерді емдеу ұзақтығы 2-3 аптаны немесе клиникалық көрсетілімдер бар болған жағдайда одан да көбіректі құрауы мүмкін.

Инвазиялық араласымдар және/немесе хирургиялық операциялар

Дене салмағының әр кг шаққанда 90 мкг бастапқы доза тура араласым алдында енгізіледі. Екінші доза 2 сағаттан кейін енгізіледі, ал содан кейін жүргізілген араласымға және пациенттің клиникалық жағдайына байланысты алғашқы 24-48 сағат бойы препарат 2-3 сағаттық аралықпен енгізіледі. Үлкен операцияларда ұсынылған жоғары дозаларда емдеу 6-7 тәулік бойы препаратты енгізу арасындағы 2-4 сағаттық аралықпен жалғастырылады. Келесі 2 апта бойы ем жүргізгенде препаратты енгізу арасындағы аралықтар 6-8 сағатқа дейін арттырылуы мүмкін. Үлкен операциялардан кейін препаратты қолданудың жалпы ұзақтығы жазылғанға дейін 2-3 аптаны құрауы мүмкін.

Жүре пайда болған гемофилия

Қан кету басталғаннан кейін Семиклотин препаратын мүмкіндігінше ертерек енгізу көрсетілген. Вена ішіне сорғалатып енгізілуге ұсынылатын бастапқы доза дене салмағының әр кг шаққанда 90 мкг құрайды. Алғашқы инъекциядан кейін Семиклотин препаратын енгізуді, қажет болса, қайталауға болады. Емдеу ұзақтығы және препаратты енгізулер арасындағы аралық қан кету ауырлығымен немесе инвазиялық емшаралардың және/немесе хирургиялық ара-

Семиклотин

ласымның сипатымен анықталады. Бастапқы дозаны енгізген кезде аралық 2-3 сағатты құрауы тиіс. Гемостазға қол жеткізгеннен кейін препаратты енгізу арасындағы аралықтарды емдеудің бүкіл кезеңі ішінде 4, 6, 8 немесе 12 сағатқа дейін арттыруға болады.

VII фактор тапшылығы

Хирургиялық араласымдар немесе инвазиялық емшаралар жүргізген кезде қан кетулерді тоқтату және профилактика жүргізу үшін ұсынылатын дозалар дене салмағының әр кг шаққанда 15-30 мкг құрайды. Препарат гемостазға жеткенге дейін әрбір 4-6 сағат сайын енгізіледі. Дозалар және енгізу жиілігі жекелей ретпен нақтыланады.

Балалар

Клиникадағы ұзақмерзімді профилактикасы тәжірибесінің шектеулі деректері 12 жасқа толмаған, ауыр клиникалық фенотипі бар педиатриялық популяциядан жинақталды.

Профилактикаға арналған инъекциялардың дозасы мен жиілігі клиникалық нәтижеге негізделіп, жекелей икемделуі тиіс.

Гланцман тромбастениясы

Хирургиялық араласымдар немесе инвазиялық емшаралар кезіндегі қан кетулерді бақылау және профилактика жүргізу үшін ұсынылатын доза дене салмағының әр кг шаққанда 90 мкг (80-120 мкг) құрайды. Препарат әрбір 2 сағат (1.5-2.5 сағат) сайын енгізіледі. Тұрақты гемостазды қамтамасыз ету үшін кем дегенде үш доза қажет етіледі. Вена ішіне болюстік енгізу тәсілі ұсынылады, өйткені тамшылатып енгізген кезде препараттың тиімділігі төмендеуі мүмкін. Рефрактерсіз Гланцман тромбастениясы бар пациенттерде таңдау түскен препарат тромбоцитарлы масса болып табылады.

Емдеу барысындағы мониторинг

Семиклотин препаратымен ем зертханалық бақылауды талап етпейді. Семиклотин препаратының дозасы қан кету ауырлығына және клиникалық әсеріне қарай анықталады. rFVIIa енгізгеннен кейін протромбиндік уақыт (ПУ) және ішінара белсендірілген тромбопластинді уақыт (ІБТУ) төмендейтіні көрсетілген, алайда ПУ, ІБТУ және rFVIIa клиникалық тиімділігі арасындағы өзара байланыстылығы анықталмады.

Енгізу әдісі және жолы

Төменде сипатталғандай дайындықты сұйылтыңыз. Вена ішіне баяу 2-5 минут бойы енгізу керек. Семиклотин препаратын басқа инфузиялық ерітінділермен араластырмаған немесе дәрі тамызғышпен енгізбеген жөн. Бір шприцте кез келген басқа препараттармен бірге енгізбеу керек.

1. Төменде берілген емшараларды жүргізер алдында қолды мұқият жуып-шайыңыз және препарат ерітіндісін дайындау және енгізу үдерісінде асептика тәртібін сақтаңыз.

2. Ашық медициналық материалдарды, олардың атмосфералық ауамен жанасу уақытын барынша қысқарту үшін, мүмкіндігінше, тезірек пайдаланыңыз.
3. Ішінде препараты және еріткіші бар құтыларды тоңазытқыштан алып, оларды ашпай тұрып, мысалы, қолға ұстап сәл жылытыңыз. Препаратты 37°C-ден артыққа жылытуға рұқсат етілмейді. Су моншасын пайдаланғанда судың температурасы 37°C-ден аспауы тиіс.
4. Екі құтыны да таза тегіс жерге қойыңыз.
5. Әрбір құтыдан қорғаныш пластик төсенішін алып тастаңыз.
6. Құтының резеңке тығынын спиртті салфеткамен өңдеңіз. Пайдаланар алдында оларды кептіріңіз. Өңделген жерге қолды немесе басқа заттарды тигізіп алмаңыз.
7. Канюляның блистерлі қаптамасын ашыңыз. Канюляның инесінен қорғаныш қалпақшасын шығарып алыңыз (1-сурет).



1-сурет

8. Канюляның пластик инесін құтының резеңке тығынының ортасына тігінен қойып, ішінде еріткіші бар құтының түбіне дейін енгізіңіз (2-сурет).



2-сурет

9. Шприцтің қағаз жабынын ортасына қарай тартып, блистерлі қаптамасын ашыңыз, канюляның көк түсті қорғаныш қақпағын ашыңыз да, шприцті

Семиклотин

канюляның тесігіне орналастырыңыз (3-сурет). Тығыз жалғанғанына көз жеткізіңіз.



3-сурет

10. Құтыны түбін жоғарыға қарата төңкеріңіз және поршеньді бірқалыпты тарта отырып, шприцке еріткішті төменде көрсетілген мөлшерде құйып алыңыз:
 - 1,2 мг дозасы үшін – 2 мл;
 - 2,4 мг дозасы үшін – 4 мл.
11. Екінші канюляның блистерлі қаптамасын ашыңыз, инеден қорғаныш қалпақшаны алып тастаңыз және пластик инені ішінде препараты бар құтының резеңке тығынының ортасы арқылы түбіне дейін енгізіңіз (4-сурет).



4-сурет

12. Бірінші канюлядан толтырылған шприцті алып тастаңыз да (10-позаны қараңыз), құтының тығынын ішінде еріткіш қалдығы бар құтыда қалдырыңыз. Шприцтің ұшының қолға немесе басқа бөгде заттарға тиіп кетпеуін бақылаңыз.
13. Ішіне еріткіш толтырылған шприцті ішінде препараты бар құтыға бекітілген екінші канюляға, көк түсті қорғаныш қақпағын аша отырып, орналастырыңыз (5-сурет). Тығыз жалғанғанына көз жеткізіңіз.

14. Құтыны сәл еңкейте және поршеньнің стерженін ақырын баса отырып, еріткіштің тиісті көлемін (10-п. қараңыз), көбіктің түзілуіне және иненің препарат ерітіндісіне тиіп кетуіне жол бермей, канюля арқылы құтының қабырғасын бойлай енгізіңіз (5-сурет). Егер еріткіш тікелей лиофилизатқа тиіп кетсе, «көбіктену» әсері пайда болады.



5-сурет

15. Ішіндегі барлық зат ерігенше, құтыны айналдыра ақырын тербелтіңіз (6-сурет). Құтыны сілкілемеңіз. Ұнтақтың толық ерігеніне көз жеткізіңіз. Кез келген қоспалар немесе көмескілену бар болса, ерітіндіні пайдаланбаңыз.



6-сурет

16. Құтыны сәл еңкейте ұстап, одан барлық ерітіндіні канюля арқылы шприцке поршеньді баяу және бірқалыпты тарта отырып, құйып алыңыз. Дайындалған барлық ерітіндінің шприцке өткеніне көз жеткізіңіз. Құтының түбін жоғары қарата төңкеріп, ондағы ауаны жойыңыз (7-сурет). Құтыны шприцпен және канюлясымен бірге келесі манипуляцияға дейін алып қойыңыз.

Семиклотин




7-сурет

17. Шеткері веналарға арналған катетердің блистерлі қаптамасын ашыңыз.
18. Поршеньнің күйін ауыстырмай (16-п. қараңыз), жалғаманы бос құтыда қалдырып, толтырылған шприцті канюлядан алып тастаңыз.



8.1

8.1-сурет



8.2

8.2-сурет

19. Катетер түтігінен қорғаныш қақпақшаны шығарып алыңыз. Шприцті сағат тілі бағытымен түбіне дейін айналдырып, катетерге жалғаңыз (8.1 сурет). Тығыз жалғанғанына көз жеткізіңіз.
20. Инъекция жасалатын жерді жанына салынған спиртті сүрткімен өңдеңіз.
21. Катетердің инесінен қорғаныш қалпақшасын шығарып алыңыз. Вена ішіне енгізуге арналған жалғағыш жүйедегі ауаны жойыңыз және ерітіндіні вена ішіне баяу (2-5 минут бойы) сорғалатып енгізіңіз.
22. Пайдаланылған барлық материалдарды жоюдың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.
8.2-суретте көрсетілген шеткері тамырлар үшін екінші түрлі катетерлерді қолдану кезінде
23. Инъекция жасалатын жерді жанына салынған спиртті салфеткамен өңдеңіз.

24. Табысты пункциялау жағдайында мөлдір павильонның ішкі бөлігінде қан пайда болуы тиіс.
25. Бір мезгілде болат инені шығара отырып катетерді венаға жылжытыңыз.
26. Адгезивті таңғышты пайдалана отырып катетерді теріде бекемдеңіз. Бұл орайда болат ине қанның ағып кетуін барынша азайта отырып, катетер ішінде болуы тиіс.
27. Болат инені алып тастаудың алдында қанның ағып шығуының алдын ала отырып ортаңғы саусағыңызбен катетер ұшынан венаны қысыңыз. Инені шығару кезінде катетердің жылжып кетуін болғызбай бір мезгілде сұқ саусағыңызбен катетердің ортасын ұстап тұрыңыз. Инені катетерден толық шығарып алыңыз. Қорғағыш металл клипса ол катетерден толық шығарылған сәтте иненің үшкір ұшын автоматты түрде жабады. Шығарғаннан кейін инені дереу арнайы контейнерге салыңыз.
28. Препарат қосымша инъекциялық порт арқылы енгізіледі. Бұл шприц конусын жеңіл бұрап қозғалту арқылы жалғаумен жасалады (8.2 сурет). Порт автоматты түрде ашылып және жабылады.
29. Қосымша инъекциялық портты қорғағыш қалпақшамен жабыңыз.
30. Пайдаланылған барлық материалдарды жоюдың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.

Вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған жұмсалатын медициналық материалдар жиынтығының компоненттері 9-суретте бейнеленген.



9-сурет

Семиклотин

Дайындалған ерітінді сұйылтылғаннан кейін дереу пайдаланылуы тиіс. Дайындалған ерітіндіні 2-ден 8°C-ге дейінгі температурада – 24 сағаттан асырмай, 25°C-ден аспайтын температурада – 12 сағаттан асырмай сақтауға жол беріледі.

Егер науқасқа препаратты бір құтыдағы дозадан астам мөлшерде енгізу қажет болса, препараттың басқа құтысында ерітіндіні жанына салынған еріткішті (инъекцияға арналған суды) пайдалана отырып, осындай үлгіде дайындаңыз, ал содан кейін ерітіндіні үлкен көлемді шприцке құйыңыз да (жанына салынбаған), препаратты әдеттегі ретпен енгізіңіз.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Гемофилиямен пациенттерде артық дозалануының төрт жағдайы туралы деректер бар. Артық дозалануы артық дозалануымен байланысты бірден-бір асқыну, 5.5 мг орнына 24 мг rFVIIa қабылдаған 16 жасар пациентте, артериялық қысымның өтпелі жоғарылауы болды.

Жүре пайда болған гемофилиясы немесе Гланцман тромбастениясы бар пациенттерде артық дозалануы туралы хабарланған жоқ.

Қан ұюының VII факторының тапшылығы бар, rFVIIa ұсынылатын дозасы 15-30 мкг/кг құрайтын пациенттерде, артық дозалануының бір жағдайы 80 жастан асқан, ер жынысты, егде жастағы, препаратты ұсынылған дозасынан 10-20 есе артық дозада қабылдаған пациентте тромбоздық асқынумен байланысты болды (мидың шүйде аймағы қантамырларының тромбозы). Сонымен қатар, қан ұюының VII факторының тапшылығы бар бір пациентте эптаког альфа препараты мен FVII антиденелер дамуымен байланысты артық дозалануы туралы хабарланды.

Ұсынылған дозаларын арттырмау керек, өйткені онымен байланысты қосымша қауіп туралы ақпарат жоқ.

Дәрілік препаратты қолдану әдісін түсіндіру үшін медициналық қызметкерден кеңес алу бойынша ұсыныстар.

Егер препаратты қолдану туралы сұрақтарыңыз болса, медициналық маманға жүгініңіз.

Дәрілік препаратты стандартты қолданғанда пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қолданылатын шаралар

Жиі емес

- тромбоздың жағдайлары (тереңдегі веналар тромбозы, препаратты енгізген жердегі веналар тромбозы, өкпелік тромбоздың жағдайлары, бауырдағы тромбоздың жағдайлары, соның ішінде қақпа венасының тромбозы, бүйрек венасының тромбозы, тромбофлебит, беткейлік веналардың тромбофлебиті және ішек ишемиясы);

- тері бөртпелерінің (соның ішінде, аллергиялық дерматиттің және эритематозды бөртпенің) пайда болуы, терінің қышынуы және есекжем;
- емдік әсерінің төмендеуі, қызба.

Сирек

- диссеминацияланған қантамыршілік ұю және зертханалық көрсеткіштердің қатар жүретін өзгерулері (Д-димердің жоғарылауы және III антитромбин белсенділігі деңгейінің төмендеуі);
- коагулопатия;
- жоғары сезімталдық;
- бас ауыруы;
- артериялық тромбоэмболия жағдайлары (миокард инфарктісі, ми инфарктісі, ми ишемиясы, ми артерияларының окклюзиясы, цереброваскулярлық асқынулар, бүйрек артерияларының тромбозы, шеткері қантамырлардың ишемиясы, шеткері артериялардың тромбозы және ішек ишемиясы), стенокардия;
- жүрек айнуы;
- енгізген жердегі реакциялар, енгізген жердегі ауыруды қоса;
- фибрин дегидратациялану өнімдері мөлшерінің артуы, аланинаминотрансфераза, сілтілік фосфатаза, лактатдегидрогеназа белсенділігінің және протромбин мөлшерінің жоғарылауы.

Белгісіз

- анафилаксиялық реакциялар;
- жүрекшілік тромб;
- тері жабындарының қызаруы, ангионевроздық ісіну..

* тиімділігінің жеткіліксіздігі жағдайлары сипатталған (емдік әсерінің азаюы). Семиклотин препаратының дозалау режимі «Дозалау режимі» бөлімінде сипатталған ұсынылатын ем сызбасына сәйкес келуі керек.

Жекелеген жағымсыз реакцияларының сипаттамасы

Тежегіш антиденелердің түзілуі

Постмаркетингтік қолдануда және клиникалық зерттеулерде А немесе В гемофилиясы бар пациенттердегі эптаког альфаға (белсендірілген) немесе FVII қан ұю факторына тежегіш антиденелердің түзілуі жөнінде расталған деректер алынбаған. Постмаркетингтік қолдануда FVII қан ұю факторының туа біткен тапшылығы бар пациенттерде эптаког альфаға (белсендірілген) тежегіш антиденелердің түзілуінің жағдайлары тіркелді.

Клиникалық зерттеулер барысында VII қан ұю факторының тапшылығы бар науқастарда эптаког альфаға (белсендірілген) немесе VII қан ұю факторына антиденелердің түзілуі бірден-бір байқалған жағымсыз реакция болды (даму

Семиклотин

жиілігі: жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ дейін)). Кейбір жағдайларда антиденелердің тежегіш әсері *in vitro* анықталған. Эптаког альфаға (белсендірілген) немесе VII қан ұю факторына антиденелердің даму қауіпі VII қан ұю факторы генінің ауыр мутациясынан өткен немесе эптакоге альфасының (белсендірілген) артық дозалану жағдайлары бұрын болған адам плазмасы және/немесе FVII қан ұю плазмалық факторы бұрын құйылған науқастарда болуы мүмкін.

VII қан ұю факторының тапшылығы бар, осыған қатысты Семиклотин препаратымен ем жүргізілген науқастарда VII қан ұю факторына антиденелердің дамуын бақылау керек.

Тромбоэмболия — артериялық және веналық

Эптаког альфа (белсендірілген) аурулары мақұлданған көрсетілімдерге кірмейтін пациенттерде қолданғанда артериялық тромбоэмболияның даму жағдайлары жиі білінді ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ дейін).

Семиклотин препаратын мақұлданған көрсетілімдерден тыс қолдану ұсынылмайды, өйткені ондай қолданудың қауіпсіздігі және тиімділігі анықталмаған.

Тромбоэмболия жүректің тоқтап қалуына әкелуі мүмкін.

Жүре пайда болған гемофилиясы бар пациенттер

61 пациент қатысқан клиникалық зерттеулер (препарат қолданылған 100 көрініс жиынтығы) кейбір жағымсыз реакциялардың жиірек кездесетінін (көріністер санының 1%-ы) көрсетті: артериялық тромбоэмболия жағдайлары (ми артерияларының окклюзиясы, цереброваскулярлық патология), веналық тромбоэмболия жағдайлары (өкпе тромбоэмболиясы, терең веналар тромбозы), стенокардия, жүрек айну, қызба, эритематозды бөртпе, зертханалық зерттеулерде фибрин деградациясы өнімдері мөлшерінің көбеюі.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған жағдайда медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қосқанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша ақпараттық дерекқорға тікелей хабарласыңыз.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті комитетінің «Ұлттық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Лиофилизаты бар бір құтының ішінде

белсенді зат - эптаког альфа (белсендірілген) (rFVIIa), 1.2 мг немесе 2.4 мг,

қосымша заттар: натрий хлориді, кальций хлориді дигидраты, глицилглицин, полисорбат 80, маннитол.

Бір мл дайындалған ерітіндінің құрамында 0.6 мг эптакөг альфа (белсендірілген) бар.

Еріткіш – инъекцияға арналған су құтыларда 5 мл-ден.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Лиофилизат – ақ түсті аморфты масса.

Қалпына келтірілген ерітінді – мөлдір немесе сәл бозанданған түссіз ерітінді.

Еріткіш инъекцияға арналған су – мөлдір түссіз сұйықтық.

Шығарылу түрі және қаптамасы

I гидролитикалық класты түссіз шыныдан жасалған, тығындармен тығындалған және алюминий-пластик қалпақшалары (flip-off) бар құтыларда 1.2 мг немесе 2.4 мг препараттан.

I гидролитикалық класты түссіз шыныдан жасалған, резеңке тығындармен тығындалған және алюминий-пластик қалпақшалары (flip-off) бар құтыларда 5 мл еріткіштен.

Препарат құйылған әрбір құты мен еріткіш құйылған әрбір құтыға өздігінен желімденетін заттаңбалар жабыстырылады.

Препарат құйылған 1 құты мен еріткіш құйылған 1 құты поливинилхлорид үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынады.

Медициналық шығын материалдарымен жиынтықтағы 1 пішінді ұяшықты қаптама: үшкомпонентті, инесіз және инесі бар шприцпен (1.2 мг дозасы үшін 2 мл, 2.4 мг дозасы үшін 5 мл), вена ішіне енгізуге арналған ұзартқышы бар шеткері веналарға арналған катетермен (инфузиялық канюля (көбелек ине) немесе вена ішіне енгізуге арналған инъекциялық порты бар инфузиялық канюля), инъекцияға арналған 2 сүзгіш-канюлямен, полиэтилен пакетке салынған 2 спиртті сүрткімен, және медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге тұтынушылық ыдысқа арналған картоннан жасалған қорапшаға салынады.

Бірінші ашылуын бақылау үшін, қорапша қақпағының жіктері мен түптерінің алдыңғы және артқы қырларына өздігінен желімденетін, таңбаланбаған заттаңбалар жапсырылады.

Сақтау мерзімі

Препарат – 2,5 жыл, еріткіш – 3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары

2°C -ден 8°C-ге дейінгі температурада сақтау керек. Мұздатып қатыруға болмайды.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Семиклотин

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы

100009, Қарағанды қ., Ғазалиев к-сі, құрылыс 16

Тел. (7212)90-80-51, факс (7212)90-65-49, e-mail: kphk@kphk.kz

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы

100009, Қарағанды қ., Ғазалиев к-сі, құрылыс 16

Тел. (7212)90-80-51, факс (7212)90-65-49, e-mail: kphk@kphk.kz

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалау үшін жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС

Қазақстан Республикасы

100009, Қарағанды қ., Ғазалиев к-сі, құрылыс 16

Тел. (7212)90-80-51, (7212) 90-80-43, факс (7212)90-65-49

e-mail: kphk@kphk.kz, medinfo@kphk.kz

Семиклотин

*УТВЕРЖДЕНА
Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского
и фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «29» декабря 2022 г.
№ N059310, № N059309*

ИНСТРУКЦИЯ ПО МЕДИЦИНСКОМУ ПРИМЕНЕНИЮ ЛЕКАРСТВЕННОГО ПРЕПАРАТА (ЛИСТОК-ВКЛАДЫШ)

Торговое наименование

Семиклотин

Международное непатентованное название

Эптаког альфа (активированный)

Лекарственная форма, дозировка

Лиофилизат для приготовления раствора для внутривенного введения 1.2 мг, 2.4 мг, в комплекте с растворителем (вода для инъекций)

Фармакотерапевтическая группа

Кровь и органы кроветворения. Антигеморрагические препараты. Витамин К и другие гемостатики. Факторы свертывания крови. Эптаког альфа (активированный)

Код АТХ В02ВD08

Показания к применению

Семиклотин используется для остановки и предупреждения кровотечений при проведении хирургических вмешательств и инвазивных процедур в следующих группах пациентов с:

- наследственной гемофилией с титром ингибиторов факторов свертывания VIII или IX > 5 БЕ (Бетезда единиц)
- наследственной гемофилией с ожидаемой иммунной реакцией на введение фактора VIII или фактора IX на основании анамнеза
- приобретенной гемофилией
- врожденным дефицитом фактора VII
- тромбастенией Гланцмана при наличии антител к гликопротеинам Пб-IIIa и рефрактерностью (в настоящем или в прошлом) к трансфузиям тромбоцитарной массы.

Семиклотин

Перечень сведений, необходимых до начала применения

Противопоказания

- гиперчувствительность к действующему веществу или любому из вспомогательных веществ препарата
- аллергические реакции на белки животного происхождения (мыши, хомячки, крупный рогатый скот) в анамнезе.

Взаимодействие с другими лекарственными препаратами

